

Ойыл

АУЛАДА ЖАЙҚАЛҒАНАҚТАРЫ

«БИДАЙ КӨЖЕ ЕЛ ЖАТҚАНША, ТАРЫ КӨЖЕ ТАҢ АТҚАНША» ДЕГЕН ҚАЗАҚ ҮШІН ТАРЫ ДАҚЫЛЫНЫҢ ОРНЫ БӨЛЕК. ОНЫҢ ІШІНДЕ ШЫҒАНАҚТЫҢ АҚ ТАРЫСЫ. ЕЛДІ АШАРШЫЛЫҚТАН ҚҰТҚАРҒАН, ЖАЛПЫ ҚАЗАҚ ҚАРЫЗДАР ДАҚЫЛ АҚ ТАРЫ ТУРАЛЫ АҢЫЗДАР ҒАНА ҚАЛДЫ. ОСЫҒАН ДЕЙІН ӘЙГІЛІ АҚ ТАРЫНЫҢ БІР УЫСЫ ШЫҒАНАҚ БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ӨНЕР ЖӘНЕ ӨЛКЕ ТАРИХЫ МУЗЕЙІНДЕ САҚТАЛҒАН ДЕП КЕЛДІК.



Жуырда әлеуметтік желіден жұртты дүр сілкіндірген жаңалық шықты.

Естіген бойда елең етіп, Шығанақтың ақ тарысын ауласына егіп отырған жігітпен тілдестік.

-Осыдан екі жыл бұрын атамыздың құжаттарын іздеп үйдегі сандықтан газетке оралған 24 түйір тарының дәнін тауып алдық. Сандығына салып, көзінің қарашығындай сақтап келген әжеміз бұл Шығанақтың ақ тарысының тұқымы екенін айтыпты. Менің атам – Дәулетжан До-

спамбетов Ойыл ауданының өркендеуіне үш шаруашылықта еңбек етіп, екеуінің директоры болып, өзінше үлес қосқан адам.

1976 жылы Шығанақ Берсиев атындағы совхозға директор болып барғанда даңқты тарышының қызы Ақжібектен бір уыс тары алады.

Әжем соны сандығына салып қойған. Былтыр сол 24 түйір дәнді егіп көріп, бес килодай өнім алдық.

Биыл соны 5 шаршы метр жерге ектік. Естүімізше Шығанақтың тарысының қауызын-

да ноқаттары болуы керек. Соған көз жеткізу үшін әдейі қарадым. Солай екен. Енді мұны арнайы зертханада тексертіп, дәлелдеу керек болып тұр. Атам мамандығы агроном. Әкесі де диқан болған. Нағашы атам да диқан. Сондықтан, тарыны егіп, баптауда қанмен берілген қасиет «жемісін» берді. Ендігі мақсатымыз – қолдаушылар болса, осы тарының тұқымын көбейту. Ол үшін алдымен алқап керек. Ақ тарының тұқымын көбейту мақсатында кез-келген ұсыныспен жұмыс жаса-

уға әзірміз!» - дейді Ринат Орапұлы.

Р. С. Бес шаршы метр алқаптағы ақ тары қазір басы толып, төгіліп иіліп тұр. Биіктігі шамамен бір метрге жақындап қалыпты. Өлкенің тарихына қатысты жылт өткен дүние болса, ақпарат жинақтап жүретін Шығанақ Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейінің директоры Дулат Исабаев жақында ауладағы тары алқабымен танысып қайтыпты.

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы.

ЕСЕПТЕР ТЫНДАЛЫП, САУАЛ ЖОЛДАНДЫ

ӨТКЕН ЖҰМА КҮНІ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ТӨРАҒАСЫ СӨКЕН ЗАЙМОЛДИННІҢ ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУІМЕН АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС ЖИЫРМА ТӨРТІНШІ СЕССИЯСЫ ӨТТІ. СЕССИЯ ОТЫРЫСЫНА АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ, АУДАН ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ С.СҮЛЕЙМЕНОВ, АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫ, ТИІСТІ МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМДЕРІ ҚАТЫСТЫ.

Күн тәртібіне ұсынылған бірінші мәселе - Ойыл аудандық мәслихатының 2024 жылғы 23 желтоқсандағы №200 «2025-2027 жылдарға арналған Ойыл аудандық бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Б.Әділханов хабарлама жасаса, одан кейін «Өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы туралы» аудандық сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысының есебі тыңдалды.

Ойыл аудандық мәслихатының 2023 жылғы 17 қаңтардағы №211 «Ойыл аудандық мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі бір мандатты округтік сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау туралы», Ойыл аудандық мәслихатының 2023 жылғы



26 желтоқсандағы №106 «Ойыл аудандық аумақтық сайлау Комиссиясын сайлау туралы», Ойыл аудандық мәслихатының 2023 жылғы 26

желтоқсандағы №107 «Ойыл ауданындағы учаскелік сайлау комиссияларын сайлау туралы» шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы Ойыл аудандық

аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Б. Бисекенов хабарлама жасады.

Ал, сессия соңында Ойыл аудандық мәслихатының депутаты С.Нұрбаев аудан әкіміне депутаттық сауал жолдады. Яғни, Қаракемер-Ақшатау ауылы бағытындағы жолдың бүгінгі күнге дейін мәселесі шешілмеуінен көлік қозғалысына қиындық туырып отырғанын жеткізіп, «Қаракемер-Ақшатау» 0-19.7 аудандық маңызы бар автомобиль жолы 0-19,7 шақырымына орташа жөндеу» бойынша техникалық құжаттаманың мерзімі 2025 жылғы 30 қаңтарда өтіп кеткенін атта келе, техникалық құжаттамаға қосымша түзетулер енгізуге қаражат бөлінуін сұраған сауалда. Сессияда күн тәртібіндегі аталған мәселелер бойынша ұсыныс-пікірлер тыңдалып, тиісінше шешімдер қабылданды.

ҚАРАОЙДА ЖАҢА ӘКІМ



Өткен жексенбі күні өткен сайлауда жерлестерінің басым даусына ие болған «АМАНАТ» партиясы ұсынған Абзал Майқанов Қараой ауылдық округінің әкімі болып сайланды. Кеше аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Берік Бисекенов жаңа әкімге қызметтік куәлігін табыстаса, аудан әкімі Асқар Қазыбаев ауыл активіне Абзал Майқановты таныстырып, тұрғындармен кездесті. Кездесу барысында аудан әкімі тұрғындар тарапынан қойылған сауалдарға жауап беріп, ауылдың жаңа әкімі Абзал Сансызбайұлына жаңа міндеттер жүктеді.

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАРАОЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІН САЙЛАУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЫ

2025 жылғы 13 шілдеде Ақтөбе облысы Ойыл ауданының Қараой ауылдық округі әкімінің сайлауы өтті.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 14-бабының 9) тармақшасына, 44-бабының 2-тармағына, 45-бабына, 113-10-бабына сәйкес учаскелік сайлау комиссияларының Қараой ауылдық округі әкімі сайлауының нәтижелері туралы хаттамалары негізінде Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы сайлаудың қорытындысын шығарды:

Қараой сайлау округі
Қараой ауылдық округі әкімінің сайлауы бойынша:

Сайлау округі бойынша сайлаушылар тізіміне 555 азамат енгізілді, олардың – 294 дауыс берді. Жарамсыз бюллетеньдер саны - 3, «Бөріне қарсымын» деген жолда белгі қойылғаны - 5.

Әрбір кандидат үшін берілген дауыстар саны:

Айтқалиев Н.А. – 67; Майқанов А.С. – 189; Наурызбаев А.Н. – 30. Майқанов Абзал Сансызбайұлы – 1991 жылы дүниеге келген, «Қараой мектеп - балабақшасы» КММ-нің директоры, Ойыл ауданы Қараой ауылының тұрғыны, «АМАНАТ» партиясы ұсынған, Қараой ауылдық округінің әкімі болып сайланды.

Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫ ҚАРАОЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ САЙЛАНҒАН ӘКІМІН ТІРКЕУ ТУРАЛЫ ХАБАРЫ

15 шілде 2025 жыл

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 14-бабының 9)тармақшасына, 45-бабына, 113-11-бабына сәйкес 2025 жылғы 13 шілдеде өткен Ойыл ауданының Қараой ауылдық округі әкімін сайлау қорытындысы туралы Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы хаттамасының негізінде

Қараой ауылдық округі бойынша:

Майқанов Абзал Сансызбайұлы – 1991 жылы дүниеге келген, «Қараой мектеп - балабақшасы» КММ-нің директоры, Ойыл ауданы Қараой ауылының тұрғыны, «АМАНАТ» партиясы ұсынған, Қараой ауылдық округінің әкімі болып тіркелді.

Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ 2025 ЖЫЛДЫҢ ІІІ ТОҚСАНЫНА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдау жүргізетін тұлғаның Т.А.Ә	Азаматтарды қабылдау жүргізетін тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның, ұйымның орналасқан жері	Байланыс телефоны, электрондық мекенжайы
«Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Саралжын ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	М.Тажигалиев	Саралжын ауылдық округі әкімі	Шілде 3,10, 17, 24, 31 Тамыз 7, 14, 21, 28 Қыркүйек 4, 11, 18, 25 Уақыты сағ.: 9:00 ден -12.00 ға дейін	Қазақстан көшесі – № 11А	74 – 001 Sar_uil@mail.ru

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ
«Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Саралжын ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда төмендегідей сенім телефонына хабарласуды сұрайды.
Сенім телефоны 74-001, сонымен қатар ғимаратта ұсыныс-пікір салу үшін жәшік орнатылған.

БАСПАНА VS АВТОКӨЛІК:

ХАЛЫҚ ҚАЙСЫСЫН КӨБІРЕК САТЫП АЛЫП ЖАТЫР?

КЕЙІНГІ ЕКІ ЖЫЛДА ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРҒА БЕРІЛГЕН НЕСИЕЛЕР ЕСЕБІНДЕ ЕРЕКШЕ ЖАЙТ КӨЗГЕ ТҮСЕ БАСТАДЫ. АЗАМАТТАР АРАГІДІК ИПОТЕКАМЕН БАСПАНА АЛУДЫ АЗАЙТЫП, АВТОНЕСИЕ АРҚЫЛЫ «ТЕМІР ТҰЛПАР» МІНУГЕ ҚҰМАРТЫП ЖҮР. БІЗДІҢ ШАМАЛАУЫМЫЗША, КӨПШІЛІК ТАКСИСТ БОЛЫП, НӘПАҚА ТАБУДЫ КӨЗДЕЙТІН ІСПЕТТІ. РАСЫМЕН ОСЫНЫҢ АСТАРЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕ ЖАТЫР МА? KAZINFORM-НЫҢ АНАЛИТИКАЛЫҚ ШОЛУШЫСЫ ОСЫ ТАҚЫРЫПТЫ САРАПШЫЛАРМЕН БІРГЕ ТАЛҚЫЛАДЫ.

Алдымен статистикаға зер салайық. Былтыр наурызда алғаш рет ерекше құбылыс байқалған. Бір айдың ішінде қазақстандықтар 136 млрд теңгеге ипотека рәсімдесе, автонесие мөлшері 145 млрд теңгеге жетті. Одан кейін ипотекалық несиелер өз қарқынына қайта шығып, автокредиттен озып келген. Сарапшылар бір мезеттік сол құбылысты жайт тосын жағдайға балап, қайталанса құюы екіталай екенін болжаған. Алайда биыл ақпанда автонесие 165 млрд теңге болып, 12 млрд-тан астам айырмашылықпен ипотеканы (152,8 млрд теңге) артта қалдырды. Жыл басында елде 5,7 млн автокөлік бары мәлім болды. Әр төртінші отандасымыздың «темір тұлпары» бар деп болжауға негіз. Дегенмен автонесие шарықтауын тоқтатпайтын болса, алдағы уақытта аталған статистика едәуір артатыны даусыз. Бір байқаған дүние, Қазақстанда қазір автомобиль саудасы қызып тұр. Дилерлер жеңілдік жасап, мемлекеттік бағдарламаны былай қойғанда, 4 пайыздық несиені өздері енгізуде. Құжаттарды тексеру процесі тез өтеді, кейде табысты растауды да сұрамайды. Ұлттық банктің наурыздағы мәліметінше, банк секторы жалпы 36,0 трлн теңге несие берген, оның ішінде бизнеске – 14,9 трлн, ал халыққа берілген несие көлемі бір жылда 22,7 пайызға өсіп, 21,1 трлн теңгені құраған. Бизнес алған қаржы халықтың несие рәсімдеуіне ілесе алмай келеді. Халық алған несиенің 1/3 бөлігі ипотека еншісінде – 6,7 трлн теңге. 606 мың қазақстандық тұрғын үйінің несиесін өтеп жүр. Енді тақырыптың өзегіне келейік. Қазақстандықтар шынымен баспананы ысырып, автокөлік алуға, сол арқылы табыс табуға құмартып жүр ме? Әлде бұл жолы да уақытша құбылысқа жатқызамыз ба? **ТАКСИ ЖҮРГІЗУШІЛЕРІ ЕЛДЕГІ ОРТАША ЖАЛАҚЫДАН КӨП ТАБАДЫ** Экономист Андрей Чеботаревтың айтуынша, тұрғын үй нарығының тынышталуы, яғни, баспана сатылымының баяулауы – жағымды жайт. Себебі зейнетақы қорындағы ақшаның жеткілікті шектен асқан бөлігін халыққа беру мүмкіндігі туған бұрынғы кезеңде бұл нарық шектен асып, баға ақылға қонымсыз деңгейде өсті. – Оның бәрі жеңілдетілген

бағдарламалар мен арзан несиелердің әсерінен болды. Ал қазір базалық мөлшерлемесі жоғары, нарықтық ипотека 18%-дан басталады. Өте көп екені айтпаса да белгілі. Қазір тиімділігі жағынан жеңілдетілген бағдарламалар ғана қалды, әйтсе де олардың да қарқыны баяу. Негізі бұл – жақсы нышан. Өйткені нарық тұралағанда пәтер бағасы өспей қалады. Өткен жылы баға орта есеппен 4%-ға ғана өсті. Бұл өсім негізінен бизнес-класс сегментінде байқалды, ал эконом және комфорт кластарында өсім 1%-ға да жетпеді. Инфляциямен салыстырғанда баға айтарлықтай өзгермеген. Енді көп адамның пәтер сатып алуға қайта мүмкіндігі туындайды, – деді сарапшы. Енді бұрынғы тұрғын үй нарығының күйі автонесиеге ауды. Иә, қазір жұртшылық жапа-тармағай 4 пайыздық автонесиеге жүгінуде. Бұл шындығында жеңілдік болмауы да мүмкін. Оның өзіндік астары бар: біріншіден, жеңілдікті мемлекет емес, банктер мен дилерлер жасап жатыр. Өйткені қоймаларда автокөлік толып тұр, сатылым азайған, сондықтан олар бірігіп бұрын болмаған жеңілдіктер жасауға көшті. Екіншіден, мұқият бақылар болса, 4 пайыздық жеңілдік деп аталғанымен, автокөлік бағасы алдың ала қолдан көтерілген болуы мүмкін. Дегенмен осының өзі аз да болса халыққа тиімді болып тұр. – Менің ойымша, Қаржы нарығын реттеу агенттігі енді әрекет етуі керек. Автонесиелеуде борыштық жүктеме коэффициенті есепке алынбайды, яғни, адамның табысының 50%-ы несиеге кетіп жатса да автокредит алуға болады. Осы ережені қайта қарау қажет. Түптеп келгенде автонесие нарығын да тұрақтандырған жөн, – дейді Андрей Чеботарев. Жасыраны жоқ, көпшілік автокөлікті жеке қажеттілік, жүріп-тұру үшін ғана емес, жұмыс құралы, актив ретінде қабылдайды. Бос уақытында көлігімен адам тасымалдап, такси қызметінде ақша табады. Көптеген сарапшылар Қазақстанда таксидің бағасы жоғары екенін, онда тұрақты жұмыс істеген адам ай сайын орташа жалақыдан артық табатынын айтады. – Жүргізушілердің жақсы табыс табатынын такси компаниялары да растаған, мен де тексеріп көрдім, шындық. Сондықтан көлік - адамдар үшін табысты арттыратын актив. Жеңілдетілген несиеге «темір тұлпар» алып, таксист

болып, ай сайынғы төлемін жауып отырады. Несиесі бар кезде көлік міндетті түрде сақтандырылып, банктің көп-лдігінде тұрады. Банк сақтандырудың болуын бақылайды. Бұл – жақсы нәрсе, – деп толықтырды сарапшы. Дегенмен Андрей Чеботарев жалпы Қазақстанда баспана алу мен ипотека рәсімдеу қиындап бара жатқанын айтты. Кейінгі екі жылда базалық мөлшерлеменің тым жоғары болуына байланысты осындай жайт тіркеліп отыр. Экономистің ойынша, мемлекет базалық мөлшерлемені көтеру арқылы нарықтық ипотеканы ығыстырып тастады. Қазір банктен 18% мөлшерлемемен ипотека алу – өте қауіпті қадам. Банктер талаптарды күшейтіп жатыр, себебі базалық мөлшерлемесі жоғары, экономикалық жағдай тұрақсыз. – Осы күні ипотекалық нарықта тек мемлекет қалды – «Отбасы банкі» және бірқатар жеңілдетілген бағдарламалар. Мысалы, «7-20-25» бағдарламасында оператор екінші деңгейлі банктер болғанымен, бәрібір бұл - мемлекеттік бағдарлама. Бірақ мемлекет бір қолымен көмектессе, екінші қолымен ипотекалық нарықты баяулату үшін шарттарды қатаңдатып жатыр. Бұрын кез келген уақытта аздап артық төлеу арқылы несие алуға болатын болса, қазір міндетті түрде депозит болу керек, аралық несиелердің пайыздары артты, басқа да талаптар көбейді. Мұның бәрі тұрғын үй нарығын тұрақтандыру үшін жасалып отыр, – деп қосты сарапшы. Ақыры бұл шаралар өз нәтижесін бергенге ұқсайды. Андрей Чеботарев қазір тұрғын үй нарығы баяулағанын, енді бұрынғыдай бағаның шарықтап өсуі байқала қоймайтынын жеткізді. 2020-2022 жылдары баға қатты өскен болса, 2023 жылдан бастап бағалар тұрақтала бастады. Яғни, мемлекет нарықты баяулату арқылы бағаның өсуін тоқтатып, халыққа баспана құнын қолжетімді еткісі келген.

БАНКТІК ИПОТЕКА БЕРУГЕ ҰНТАЛЫ ЕМЕС Әріптесінің сөзін R-Finanse компаниясының қаржылық кеңесшісі Арман Байғанов та растап отыр.

Негізгі себеп сол – ипотеканың пайыздық мөлшерлемесі жоғары, жылжымайтын мүліктің бағасы қымбат.

– Қолжетімді автокөлік бағасы шамамен 5–10 млн теңге аралығында болса, ал пәтерді қазіргі мөлшерлемемен сатып алу үшін, әсіресе ірі

қалалардан алар болсаңыз, кем дегенде 20-30 млн, кейде 40 млн теңгеге дейін қажет болады. Тиісінше, алынатын несие көлемі де жоғары, бұл халыққа өте тиімсіз. Қазақстанда коммерциялық банктердегі мөлшерлемесі жылына 20 пайыздан жоғары. Егер «Отбасы банкінің» ұзақмерзімді шарттарын есепке алмаса, бұл көптеген адамдарды ипотекадан бас тартуға мәжбүрлейді, – дейді экономист. Бұл жерде тағы бір мәселе бар: елдегі көптеген банк ипотекалық несиелеумен айналыспайды. Себебі тұрғын үй жалғыз баспана ретінде есептеледі және келешекте ипотека төленбей жатса, тәркілеу қиынға соғады. Бұл мүлкті қайтарып алу банктер үшін күрделі процесс. Сондықтан кейбір банктер ипотеканы әдейі қаржыландырмайды. – Қазір автонесиеге қатысты 4% жеңілдетілген мөлшерлемесі бар болғанымен, бұл Қазақстандағы жалпы мәмілелер көлемінде өте аз үлесті ғана құрайды. Ал автосалондардың көбісі автонесиелеуді төмен пайыздық мөлшерлемемен жүзеге асырады. Кейбір салондардың банктермен арнайы келісімдері, серіктестіктері бар, сол арқылы жеңілдетілген несиелер мен бөліп төлеу мүмкіндігін береді. Тіпті, кейбір ірі брендтердің (мысалы, Toyota) өз микроқаржы ұйымдары бар. Олар орташа бағалы көліктерді бөліп төлеуге береді. Сол себепті, автонесиелеу нарығы ипотекадан әлдеқайда белсенді. Әрине, бұл - дұрыс емес. Бірақ көлік арқылы адамдар табыс тауып, оны жеке мақсатта немесе бизнеске пайдалануға тырысады. Ал пәтерге бірден ақша жинай алмайтындар үшін бұл қолжетімді балама болып отыр, – деп түйіндеді Арман Байғанов. Әрине, баспана немесе автокөлік арасындағы таңдау – азаматтардың өз еркінде. Дегенмен ипотекаға қатысты екі құбылыстың белең ала бастағанын түсіндік. Біріншісі, банктер тұрғын үйге несие беру шарттарын ауырлата түсуде. Екіншісі, ипотекалық несиелердің қарқыны бәсеңдеуіне байланысты тұрғын үй бағасы бұрынғыдай аса қымбаттамай, құнын бір межеде сақтап отыр. Әзірге Ұлттық банктің көкем айларына байланысты есебі толық шыққан жоқ. Алдағы уақытта ипотека мен автонесие жөніндегі деректерді бақылап, талдау ұсынып отыруға мүдделіміз.

Мадияр ТӨЛЕУОВ, kazinform.kz.

ЖАҢА ЖОБА ОҚУШЫЛАРҒА НЕ БЕРЕДІ?



Оқу-ағарту министрлігі жоғары сынып оқушыларына мектептен кәсіби мамандық игеріп шығуға мүмкіндік беретін пилоттық жобаны жүзеге асырып жатыр. Еліміздің 17 өңірінде іске қосылған жоба кадрлар даярлауға көзделген жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылады. Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, бастама мектептің білім беру жүйесінің практикалық бағытын күшейтуге және жастардың жұмысқа ерте орналасуына мүмкіндік жасауға бағытталған. Кәсіптік даярлық колледждер базасында, ал жалпы білім беру пәндерін меңгеру мектептерде өтеді. - 11-сыныпты бітіргеннен кейін оқушылар аттестат қана емес, орта техникалық білім туралы диплом да алады. Пилоттық жобаға 150-ге жуық колледж бен мектеп, 2 мыңға жуық оқушы қатысып жатыр, - делінген ведомство жауабында. Ресми мәліметке сәйкес, жоғары сынып оқушылары еңбек

kazinform.kz

СУДА ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУ - СӘТТІ ДЕМАЛЫС КЕПІЛІ



Суға кетудің басты себептерінің бірі - алкогольды ішімдіктерді ішкен күйде суға түсу, суда жүзу ережелерін білмеу және тиым салынған жерлерге суға түсу. Осындай жағдайларды болдырмау үшін жазғы демалыс уақытында жағажайлар мен өзен-көлдерде шомылу кезінде немқұрайлық танытпай, суға шомылудың қауіпсіздік шаралары мен ережелерін сақтау керектігін тұрындардың жиі есіне салып келеміз. Әрбір ата-ана балалардың бос уақытындағы іс-әрекеттеріне көп көңіл бөлгендері абзал. Табиғат аясында, өзен-көлдерде суға шомылғанда абай болғандарыңыз жөн. Балалардың ересектерсіз суға түсуге, ересек жастағы адамдардың алкогольдық ішімдік ішкен күйде суға шомылуына тиым салынады. Жүзу білмесіз немесе өзіңізге белгісіз (ағысы қатты, терең, жар-қабақтар) жерлерге шомылмау керек. Ойыл өзені бойында тыйым салынған аймақтарда шомылуға жол берменіздер! Тыйым салынған аймақтарда шомылған суға түсушілерге

ҚР ӘҚБТК-нің 412 бабы бойынша әкімшілік жауапкершілік қарастырылған. Бүгінгі күнге дейін Ойыл селосында 5 тұрғын аталған бап бойынша әкімшілік жауапкершілік тартылды. Салқын суларда көбіне қол-аяқтар құрысып қалып жатады. Терең сулар кеудені қысып, тыныс алуды тарылтады. Мүмкіндігінше, саспаған (үрейленбеген) дұрыс. Адам су ішінде айқайлап, тырмыса берсе, әлі кетіп, су жұтады. Суға шомылу кезінде төтенше жағдай орын алған жағдайда 101 немес 112 нөміріне хабарласуларыңызды сұраймыз. 103 нөмірі арқылы медициналық жедел жәрдем шақырту қажет. Медициналық жедел жәрдем келгенге дейін зардап шеккенге алғашқы көмек көрсете білу керек. Есіңізде болсын! Өздеріңіз суға түсу ережесін біліңіз және өз балаларыңызды және жақындарыңызды үйретіңіздер!

Н.МЫРЗАБАЕВ, М.Ғабдуллин атындағы азаматтық қорғау академиясының 3-курс курсанты.

СЫПАЙЫ ЖІГІТ

(НОВЕЛЛА)

Мұнтаздай ақ жолақты қара костюм киіп, шашын жатқыза тараған ұзын бойлы қара торы жігіт өзін Қайдар деп таныстырған. Киген киімі қандай жанақы, жарасымды болса сөз әдебі мен іс-әрекеті де сондай сыпайы, жұғымды адам еді.

Әуелде жұрттан өткен сыпайылығы өзі қара торылау, тіпті тозыңқы кейіпке жараспай тұрғаннан ба, әлде өзін сонша тәртіпті ұстайтыны жақпады ма, Қайдарға ішім жылыған жоқ. Өңінен бір еркіндік, ескілік белгісі білініп тұрса да, ісі аса тәртіпті һәм тым кербез, бейне бір ақсуіек отбасында тәрбиеленген бекзада дерсің. Мен ол басқаратын бөлімде қатардағы ғылыми қызметкер болып жұмыс істеймін, Қайдар үнемі жұмсақ сөйлесіп, ізет көрсете жүріп тапсырма береді, оны сол ізетімен-ақ өте тыңғылықты орындатады. Жұмысқа алғаш келгеннен бері осы ибасынан жаңылған кезін көргем жоқ.

Содан жұрттан бірінші болып Қайдарға «Сыпайы жігіт» деген лақап ат қойдым. Біраз уақыт өтіп, үйренісе бастаған соң, бұл лақап атын өзіне де тіке айта беретінмін. Бұл еркелігімді ол да мыңқ етпестен көтере берді. «Сіз айтсаңыз болдды ғой» деп күлетін де қоятын. Ашуландыра алмаған соң жеңілесің де, ақыры берген тапсырмасын орындап, жөнімен жүре бердік. Сөйте жүріп «Сыпайы жігітпен» жақын араласып кеткенімді өзім де аңғармай қалдым. Біздің мекеме Ауылшаруашылығы министрлігінің дала жайлымына қатысты депортаментінің шағын бөлімі. Көбінде жайылымға қатысты заңдарды қайта қарап, алып-қосатын жерлерін реттеп жоғарыға жолдаймыз, олар парламентке ұсынады. Заңдарды қайта қарауға негіз болатын нәрсе малшылардың, иә өзге де заңгер, фермерлердің арыз-шағымы. Біздің министрліктің жұмысына кейде экология министрлігінің кейбір бастамасы, кейде эко-белсенділер қарсы келіп жатады. Ондай қарама-қарсылықтарды да біздің бөлім қарап, бір жөніне келтіруге тырысамыз. Сондай күрделі мәселелердің біріне «Сыпайы жігіт» қатты кірісті. Ел жылда мал отарлатып жүрген жайлауларда қасқырдың саны көбейіп кетті деп малшылар арыз жазыпты.

Бұл арыз айтылып келе жатқанына оншақты жылға жуықтап кеткен көрінеді. Қалай екен, жоғарыдан тек енді ғана осы арызды қарауға пәрмен келген. Бұл кезде осы тектес арыздар да саябырлай бастаған еді. Бірақ он жылдан бергі арыздарды жинғанда тау-төбе мәселе боп шықты.

Парламентте де бірнеше депутат қатарынан осыны тілге тиек етті. Мәселені шешу үшін жоғарыдан біздің бөлімге ұсынылған тапсырма малшыларға жаппай аңшы мылтығын таратып беру деген ұсыныс болды. Біздің міндет, осы шараның қалай жүзеге асатыны, мылтықты кімге, қалай тарату керектігін жүйелеп, толық заң жобасы ретінде парламентке жолдау. Осы заң жобасын дайындау кезінде «Сыпайы жігіт» қатты арпалыста жүргендей көрінді. Мылтықты қалай үлестіру ғана емес, оны қалай қолдану керек екенін

де қатты қадағалап, әсіресе «қасқырлар қораға шаппаса, қойға тимесе, далада жай жүрген қасқырларды атуға болмайды, қатаң тиым салынады» деген тармақты нықтап бекітуге барын салды.

— Ертең күні эко белсенділер шығады шулап, қасқырлар азайып кетті деп, эко жүйе бүлінді дейді, ондай даудың бізге не қажеті бар? дұрыс па? — деп өзінше қатты мән берген себебін түсіндірген болады. Бұл тармақты мықтап бекітуге өзі қанша ынталы болса, оның себебін түсіндіруге де қалыптан тыс белсенді еді. Заң жобасын дайындап жүргенде оның сыпайылығынан сәл ауытқып кеткен сәтін де бір көрдім. Өңгіме былай өрбіді.

— Жайдан жай жүрген қасқырды атқан жағдайда өте қолмақты айыппұл салынуы керек, тіпті қылмыстық жауапкершілікке тартуға болады! — деді бөлім бастығымыз «Сыпайы жігіт». Жебеген дейтін жігіт бар еді, әдетте көп нәрсеге мән бере қоймайтын сабаз еді өзі, сол сөзге араласты.

— Қайдеке, біз ғой өстіп жазармыз заңды. Бірақ ертең күні далада жүрген қасқырды атып алған малшы қораға шапты деп айта салады ғой, оған дәлел табу да сонша қиын емес. Бұл заңды солай жазған күннің өзінде орындалуы қалай болар екен, босқа жазылған тармақ боп қалмай ма?

Осы кезде «Сыпайы жігіт» жарылып кете жаздады.

— Әй, Жебеген! — деп орнынан атып тұрып, ақырып қалғанда зор дауысы кеңістікті жарып өтті. Бейне бір жыртқыш аңның жеміне ақыра ұмтылғанындай, айбарлы гүж дауыс көкірегінен күрілдей шықты. Алдымыздан әлдебір зор ағыс соғып өткендей, бөріміз шошына шалқаладық. «Сыпайы жігітке» әрі жасқана, әрі таңдана қарап қалыппыз. Оның өңінен білместікке ызаланғаннан көрі белгісіз құпия шаразыдық табы білінгендей болды.

Біздің түрімізді көргенде ғана өзі не болғанын аңғарды білем, ыңғайсызданып сәл тұрды да, ақырын орнына отырды. Маңдайын сыйпалап аз үнсіз қалды.

— Кешіріңіздер! — деді бәсең, шарасыз дауыспен, — бұл заң маған өте маңызды,— деді сәлден кейін.

— Жақсы, Қайдеке, асықпай жалғастыраймыз, кішкене демалып алайық,— дедім көңіл-күйдің тым ауырлап кеткенін аңғарып.

— Жарайды, кейін жалғастырайық,— деп төмен қарап сұлық отырып қалды. Өзгеміз өз орындарымызға тарап кеттік.

Осыдан кейін бірнеше күн бойы «Сыпайы жігіт» заң жобасына араласпады. Үнсіз-түнсіз үстелінде отырады, иә, сыртқа шығып темекі шегіп қайтқан болады. Бір күні кешке жұмыстан қайтарда кенет маған тіл қатты.

— Сіз бүгін менің үйіме қонақ боп қайтсаңыз қалай болады? — деді.

— Бүгін бе?

— Иә, бүгін. Көрсететін бір нәрселерім бар еді.

Сәл ғана ойландым. Ізетпен шақырып тұрған соң, бармасқа амалым да жоқ, әйеліме хабарласып жөнімді айтып, әрі-бері сөйлескен соң,

баруға келісім бердім. Жап-жаңа қара «мерседес s клас» моделіне мініп, қала сыртына тарттық.

— Мен сәл алыста тұрамын. Қала сыртында, тау ішінде,— деді «Сыпайы жігіт» маған сәл ыңғайсыздана күлімдеп. Бүкіл қимылында белгісіз абыржу бар секілді. Түйіле жақындап кеткен екі қасының арасынан пайда болған қос сызықша жігіттің қалың ойдың тұманында отырғанын аңғартып келеді. Әрі-бері сөзге тартсам қысқа қайырып жауап беріп, жөңді сөйлеспейді. Кейде маған бір нәрсе айтпаққа бұрылып қарағандай болады да, рөлді сығымдай ұстап қайтадан жолға қарайды.

— Бір нәрсе айтқың келетін секілді ғой, Қайдеке, тартын-басаңшы. Не болды? — дедім ақыры болмаған соң. Бұл кезде қаладан алыстап, тау бөктеріне таяп қалған едік. Алда аласа жондар, тақыр таулар көлбөндеп кешкі шапақтың алтын арайына малынып жатыр. Көптен бері қаладан шықпаған мен үшін бұл бір көңілді сәт еді. Жеңіл күрсінгендей болып, күмілжі сөз бастады:

— ... айтатын нәрсем де, өз көзіңізбен көретін нәрсе де бар. Бірақ ақыл жетпейтіндей, кісі сенбейтіндей дүние. Бір жағы...

— Бір жағы не?

— Бір жағы... сізді шошытып алам ба деп те қорқып отырмын.

— Алдын ала айтсаң дайын болам ғой, шошымайтын шығармын... жасырма енді, әйтеу алып шыққан екенсің.

— Ендеше былай, мен бүгін сізге көрсететін нәрсені ешбір ғылыммен де, дінмен де, ақылға сиятын ешнәрсемен түсіндіріп бере алмаймын. Бірақ бұл нәрсе, жоқ, негізі бұл құбылыс болып жатыр, мен соның тура ортасында жүрмін. Көріп тұрған соң сенесіз, болмаса... мен де нақты себебін білмеймін, адамзат қауымының қаншама ғалымдарын оқып, жауабын іздеп көрдім, ешкім дәп басып айта алмайды. Тек анау... эволюция теориясына аздап келеді. Алайда ол теорияның дәл осындай формада, осындай кейіпте жүзеге асқанын ешкім көрген емес, болмаған... шамасы бұл нәрсе тек ертегі, аңыздарда ғана кездеседі. Шын өмірде болмайды...

Басын шайқап-шайқап қойды. — Оны қайдан білесің? Мүмкін, ертегі, аңыз деп жүргеніміздің бәрі шын өмірде болған оқиғалар шығар?

Қайдар түріме ойлана көз тастады. «Сынап отырған жоқ па екен?» дейтіндей.

— Жә, сонымен жаңағы көрсетем дегенің не құбылыс? Сағызша созып, осына толғайтындай күрделі нәрсе ме?

Ол әлі де жолға бір, маған бір қарап аласапыран ой үстінде келе жатыр.

Менің сұрағымды өзі айтып отырған нәрсеге деген сенімсіздік, иә немқұрайлық деп ұқты білем, мәселенің мәнін түсіне алмай отырған шала сауат еспірімге қарағандай қарады. Болымсыз ғана кекесінмен еңк етіп күлген болды.

— Сіз әлі көзіңіз көрмеген соң, толық мәніне жете алмай отырсыз. Жарайды, мейлі, бірақ қазір оны көзіңізбен көргенде шошып қалатыныңыз сөзсіз. Қатты шошығаннан не

істеп қоятыныңызды кім білсін? Сонда сіздің әрекетіңіз қандай болады деп алаңдап отырмын. Енді, міне... бір жағынан сізді бүгін осылай алып шыққаныма өкініп те келемін. Бұл құбылысты жарқ еткізіп аша салуға әлі де дайын емес секілдімін. Жоқ, мен дайынмын-ау, сіз дайынсыз ба? Жо, жоқ, жоқ... дайын емессіз. Мені қинап отырғаны сол.

— Тіпті терлеп кеттің ғой сонша. Тоқташы мына жол шетіне, әуелі сабырға келші. Айтсаңшы енді. Айтсаң дайын боламын деп отырмын ғой.

— Соны айтудың өзі сонша қиын...

— Маған сен. Еш таңданыссыз қабылдаймын.

Іштей неше түрлі ойлар келе бастады. Шошығаны несі? Тау бөктеріне дейін кетердей қайда бара жатырмыз өзі? Бұл өзі не көрсетпек сонда?

— Алдымен тоқташы, мінеу жерге, жол шетіне таман...

— Жоқ, менде бәрі жақсы. Тоқтаудың керегі жоқ. Уақыт та аз ғана қалды өзі, тоқтағанға келмейді...

Қазір айтамын... сәл дайын болыңыз... мен тек неге бұлай болғанын түсіндіріп бере алмаймын, әріқарай өзіңіз көзіңізбен көре бастайсыз.

Бағанағыдай емес аздап орнығып қалғандай болды, дегенмен әлі де толқыныс үстінде келеді. Трассаға қарап ұзақ телміріп, үнсіз отырып қалды. Көзі жалғыз нүктеге қадалыпты. Сосын маған жалт бұрылды да:

— Мен — қасқырмын,— деді түнеріп. Қарқылдап күліп жібердім:

— Қайдеке, не деп кеттің өзі? Менің кішкентайым құсап, «мен —қасқырмын» деп ойнаушы еді ол да... хахаха...

Ол тіпті бозарып кетті. Саса бастадым. Жынды адаммен кім сөйлесіп көрген, не деу керігін таба алмай абдырадым.

— Жарайды, енді... не деуге болады? Қасқыр... қасқыр дегенде... қалай ол?..

Кенет квадербер деген бәле есіме түсті. «А, мүмкін, сол шығар...» деп ойладым.

— Ендеше, енді өзінді қасқыр деп танысаң...

Ол осы жерде сөзімді бөліп жіберді:

— Мен өзімді адам деп танытын қасқырмын. Мен шындағында қасқырмын! Қасқыр боп тудым, мүмкін қасқыр боп өлемін. Бірақ өзімді барынша адам еткім келді, әлі де соған тырысып жүрмін... бірақ... бірақ...

Оның дауысы қатты шықты, ысқына шықты. Тіпті бір сәт гүр ете қалған айбынды дыбыс та естілді.

Бойымды үрей билейін деді. Енді бұнымен қалай сөйлесем екен? Не айтамын? Бекер көнгенім-ай...

— Сабыр, сабыр, Қайдеке, мен бәрін де түсінемін. Ақырын айта беріңізші... — деппін «сеннен» «сізге» көшіп, «бәрін түсінемін» деп аузымнан шыққаны болмаса, ештеңені де түсініп тұрған жоқпын, тек жындының сандырағы деп қана ұғып келемін.

Ол ауыр бір күрсініп алды да, байыпты қалпына келе бастады. Сонымен әрі қарайғы әңгімесін жайымен бастады. — Сіз менің сөзімді толық түсініп отыр деп ойламаймын, бірақ мен айтарымды айттым.

Басы
(жалғасы көпесі санда)

ДӘРІГЕРЛЕР АУЫЛҒА БАРДЫ



Өткен аптада тұрғындарға қолжетімді, әрі сапалы медициналық көмек көрсету мақсатында кезекті қабылдау ұйымдастырылды. Қараой елді мекеніндегі шара аясында аудандық ауруханадан барған білікті мамандар — терапевт, отоларинголог (құлақ, тамақ, мұрын дәрігері), педиатр және гинеколог дәрігерлер тұрғындарды қабылдап, кеңес берді. Қабылдау барысында дәрігерлер науқастарды қарап, қажетті диагностикалық кеңестер беріп, ем-шаралар мен

медициналық тағайындаулар жасады. Әсіресе созылмалы аурулары бар, шалғай ауылда тұратын тұрғындар үшін бұл — маңызды мүмкіндік болды. Мұндай шаралар тұрғындар денсаулығын сақтау мен алдын-алу жұмыстарын күшейтуге, сонымен қатар алғашқы медициналық көмекті жақындатуға бағытталған. Қараойлықтар өз ризашылықтарын білдіріп, болашақта да осындай қабылдаулар жиі ұйымдастырылса деген тілектерін жеткізді.

МЕНИНГИТТІҢ АЛДЫН-АЛУ ҮШІН...

МЕНИНГИТ - БҰЛ ЖАҒПАЛЫ АУРУ, МИ МЕН ЖҰЛЫН ҚАБЫҒЫНЫҢ ҚАБЫНУЫ. БҰЛ ӨЗДІГІНЕН БАСҚА ДА ЖАҒПАЛЫ АУРУЛАРДЫҢ АЯСЫНДА ПАЙДА БОЛАДЫ. МЕНИНГИТТІҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ СЕРОЗДЫ ЖӘНЕ ІРІНДІ БОЛЫП БӨЛІНЕДІ.



Олар аурудың ауырлығы мен салдары бойынша ерекшеленеді. Аурудың инкубациялық кезеңі 10 күнге дейін созылуы мүмкін.

Менингиттің қоздырғыштары вирустық бактериялық және саңырауқұлақ инфекциялары. Менингит белгілері тез дамиды. Негізгі белгілері – дене қызуының 40 градусқа дейін көтерілуі, бұлшықеттер мен буындардың ауруы, жалпы әлсіздік. Бірақ басты белгі – бас ауруы, жүрек айнуы мен субұрқақ тәрізді қатты құсу пайда болады.

Науқас қатты дыбыстардан және жарқын жарықтан зардап шегеді, басын кеудеге қарай еңкейтіп, аяқтарын тізе-ден жазған кезде қатты ауырсынуды сезінеді. Көбінесе деңде бөртпе пайда болады. Суық тию сияқты мұрын бітуі және тамақ ауруы, өкпенің қабынуы, асқазан-ішек жолдарының бұзылуы болуы мүмкін. Алғашқы белгілер пайда болғаннан кейін бір күннен кейін адамның жағдайы күрт нашарлайды.

Менингококк инфекциясы аурушандығы кезеңдігімен сипатталады - қыста және көктемде аурушандық жоғары. Өзіңізді және балаңызды менингит тудыратын инфекциядан қалай қорғауға болады?

Ол үшін аурудың алғашқы белгілері пайда болған кезде катаралдық құбылыстармен (тамақ қызарып, дене қызуының көтерілуі, бас ауруы, әлсіздік) дәрігерге көріну қажет, оның барлық ұсыныстарын

орындаңыз. Тек қайнаған немесе бөтелкедегі суды ішу қажет. Аурудың инкубациялық кезеңі 10 күнге дейін созылуы үшін қолды мұқият жуу өте маңызды. Түрлі мәдени-бұқаралық іс-шараларға, жүзу бассейндеріне, сауда-ойын-сауық орталықтарында ойын алаңдарына баруды шектеу, жеке гигиенаны сақтау қажет. Гимнариаттардағы бөлмелерді жиі желдетіп, ұйымдасқан ұжымдарда ылғалды жинау жүргізу. Созылмалы инфекция ошақтарының санация жүргізуі маңызды, балалар жасында бұл жиі тыныс алу органдарына қатысты, сондықтан балаларды оториноларингологтарға тұрақты апару тиіс және мүмкіндігінше алдын-алу мақсатында.

Қазіргі уақытта гемофильді және менингококкты инфекциядан туындаған ауруларға қарсы вакциналар бар. Қазақстанда балаларды пневмококк инфекциясына қарсы вакцинациялау Ұлттық егу күнтізбесіне енгізілген. Профилактикалық егу мерзімдеріне сәйкес, пневмококк инфекциясына қарсы үшін мәрте вакцинациялауға өмірінің 2 айынан бастап, одан әрі 4 айында кейіннен 12-15 айында вакцинаның бір дозасымен ревакцинациялауға барлық балалар жатады.

Ауруды әрқашан емдегеннен алдын алаған жеңіл екендігін есте сақтау қажет!

Ғ. ҚҰБАЕВ,
Ойыл аудандық санитариялық бақылау басқармасы басшысы.

ДӘСТҮР МЕН ДӘРҮ ҰШТАСЫП...

ӨТКЕН ЖҰМА КҮНІ ОЙЫЛ СЕЛОСЫНДА «ДӘСТҮРГЕ БАЙ, РУХЫ МЫҚТЫ, МЕНІҢ АУЫЛЫМ - КӨПТОҒАЙ!» АТТЫ КӨПТОҒАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ КҮНІ АТАЛЫП ӨТТІ.



Тәуелсіздіктің 20 жылдығы атындағы орталық саябақта Көптоғай ауылдық округінің мерекелік шарасы өтті. Мерекелік шараны ашқан Көптоғай ауылдық округінің әкімі Ерлан Асылбаев ауыл тұрғындарын мерекемен құттықтап, елдің ынтымағы мен бірлігін тілеп, ауылдың дамуы жолында жұмыла еңбек етуге шақырды.

Ауыл күні аясында ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі, ұлттық тағамдар мен колөнер көрмесі ұйымдастырылды. Сонымен қатар, «Дәмді тағам – берекелі ауыл» атты ұлттық тағамдарды дәріптеу сағаты, ұршық

ирушілер сайысы, қозы қырку сайыстары өтті. Жастар арасында спорттық жарыстар — бір көтеру, арқан тартыс және қол күрес бәсекелері өткізіліп, ауыл жастары белсенділік танытты. Денсаулық бұрышын да дәрігерлер тұрғындарға тегін медициналық кеңес беріп, «Қазақы ем» бұрышында халық емі мен шөппен емдеу жайында ақпараттар ұсынылды. Кешкісін ауыл өнерпаздарының қатысуымен өткен концерттік бағдарлама көпшілікке көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Мерекелік шара ауыл жұртшылығын біріктіріп, туған жерге деген сүйіспеншілікті арттырған игі бастама болды.

УӘДЕ МЕН МІНДЕТ ФРАКЦИЯ ОТЫРЫСЫНДА ТЫҢДАЛДЫ

Өткен аптада Ойыл аудандық мәслихатындағы «AMANAT» партиясы депутаттық фракциясының кезекті отырысы өтті. Отырысқа аудан әкімі Асқар Қазыбаев, аудандық мәслихат төрағасы Сәкен Займолин, партия филиалының атқарушы хатшысы Еркін Жиеналин, фракция мүшелері, мемлекеттік мекеме басшылары және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Жиынға фракция жетекшісі Жангүл Ізгарина төрағалық етті.

Фракция отырысында екі мәселе қаралды. Бірінші — «AMANAT» партиясының Ойыл ауданы бойынша 2023—2027 жылдарға арналған «ЖАЛЫҚПЕН БІРГЕ» сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасының 2025 жылдың I жартыжылдығындағы орындалу барысы. Бұл мәселе бойынша аудан әкімі А.Қазыбаев баяндама жасады. Екінші — фракция мүшелерінің сайлауалды бағдарламаның орындалуы жөніндегі жеке есептері тыңдалды.

ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТАР ТҮРЛІ ЖОЛМЕН АРБАЙДЫ!

ІІМ ЕСКЕРТЕДІ!

- Егер сізге қоңырау шалып, абоненттік нөмірді пайдалану мерзімі аяқталғаны туралы хабарласа-сенбеңіз!!!
- Егер сізге банк немесе полиция қызметкерлері қоңырау шалып, күдікті операциялар туралы хабарлаған болса- сенбеңіз!!!
Өңгімені үзіп, банктен немесе полицияның ресми нөмірлеріне қайта қоңырау шалыңыз.
- Әлеуметтік желілерде танымайтын адамдарды достарыңызға қоспаңыз. дербес ақпаратты бөгде адамдарға хабарламаңыз.
- Тауарды сатып алу (сату) кезінде алдын ала төлеуге келіспеніз.
- Банктік шоттарыңызды ешкімге жалға немесе уақытша пайдалануға бермеңіз.
- Әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде ұсынылатын күмәнді қаржыландыру мен инвестициялардан бас тартыңыз.
- Басқа өңірлерден жеткізілімдерге, тасымалдарға(логистика) тапсырыс беру кезінде жарнаманың дұрыстығына көз жеткізіңіз.

Шындық болу үшін тым жақсы болып көрінетін ұсыныстардан сақ болыңыз.

Соңғы уақыттарда интернет желісі арқылы жасалынатын алаяқтық қылмысы жиіленіп кетті. Жыл басынан облыс аумағында интернет алаяқтығы бойынша 522 қылмыстық іс қозғалып, жалпы құны 1 миллиард теңге шығын келтірілген. Сонымен қатар, Ойыл ауданы бойынша 5 интернет алаяқтық қылмысы тіркеліп, тергеліп жатыр. Келтірілген шығын көлемі - 6 миллион теңге. Аталған қылмыс түрінің ең көп таралған схемасының бірі ол - интернет желісі арқылы тауарлар сату және интернет

арқылы қызмет көрсету болып отыр. Әдетте, алаяқтар өз ойларын өздерінің құрбандарына төмен бағамен тауар сатуы арқылы жүзеге асырады. Осыған орай аудан тұрғындарының назарына ешқандай да жалған ақпараттарға сенбеулеріңізді және өзін банк қызметкері ретінде таныстырып, қоңырау шалған тұлғаларға өздеріңіздің есеп шоттарыңызды жария етпеуіңізді және бейтаныс тұлғалар қоңырау шалған уақытта телефонның тұтқасын қойып тастауын сұраймыз.

ОЙЫЛ АУДАНЫҚ ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІ

ХАЛЫҚ АҚЫНЫ НҮРПЕЙІС БАЙҒАНИНГЕ 165 ЖЫЛ

НҮРПЕЙІС ЖҰЛДЫЗЫ ЖАРҚЫРАУДА

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМДА ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРІСТЕР БОЛУДА, ЖАҢА КӨЗҚАРАС, ЖАҢА ҰСТАНЫМДАР МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАР ҚАЛЫПТАСУДА. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛЫ АҚЫНЫ НҮРПЕЙІС БАЙҒАНИН ӨЗІНІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА ОТАНДЫ, ТУҒАН ЖЕРДІ ЖЫРЛАҒАН, ЕРЛІКТІ, БАТЫРЛЫҚТЫ, БІРЛІКТІ, ӨДІЛЕТ-ТЕҢДІКТІ БАСТЫ ТАҚЫРЫП ЕТІП АЛҒАН. СОНДЫҚТАН, Н.БАЙҒАНИННІҢ ӨЛЕҢДЕРІ МЕН ПОЭМАЛАРЫНЫҢ МАЗМҰНЫ БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫНА САЙ КЕЛЕДІ.

Нұрпейіс Байғанин 1860 жылы Ақтөбе облысының Сүлікті деген елді-мекенінде Байғана мен Үміттің отбасында дүниеге келді. Нұрпейістің әкесі Байғана ірі байлардың қойларын баққан екен. Ал шешесі Үміт сұлу, ақылды, сұлулық пен ақылдықты үйлестіре білген, әрі әнші, әрі орындаушы-күйші, елге белгілі адам болған. Анасы дарынды баласын домбыра әуеніне және өн өнеріне сүйіспеншілікке тәрбиеледі. Нұрпейіс жастайынан-ақ бір естіген ән-жырларын тез жадында сақтап, қайталап орындайтын. Нұрпейіс 16-17 жасында-ақ жыршы бала атанып, оның аты аймаққа танымал болды. Нұрпейістің жақын достарының бірі Қожаш Елешов өз естелігінде «Нұрпейіссіз бірде-бір той, бірде-бір шілдехана өтпейтін. Ал үлкен мейрам немесе ақындар айтысы болса, Нұрпейісті әдейі шақыратын еді», - дейді.

Ол кездерде ақын адамдардың ең көп жиналатын жері — жәрмеңкелерде өнер көрсеткен. Нұрпейіс Темір, Ойыл, Ырғыз, Орал жәрмеңкелерінде өнер көрсетіп, «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Ер Тарғын», «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан» т.б. жырларды жырлаған. Көпшіліктің сүйіспеншілігі мен танымын жаулап алған. Ақын 40-50 жырды жатқа білген.

Қазақ ауыз әдебиетінде қалыптасқан дәстүр бойынша ақындар үлкендерінің қасында жүріп, олардың өнерлерін үйренген, сөйтіп ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырған, жас таланттар өздерінің ұстаздарын тапқан, олардан өнер жолына бата алған. Осы тамаша дәстүрді жалғастыра білген Нұрпейіс - Абыл, Шернияз, Нұрым, Қашаған, Ығылман, Ақтан, Қазақбай, Сабыр сияқты ақындардың қасында болып, олардан үлгі алады, олардан ән-жыр үйреніп, орындайды.

Нұрпейістің шығармаларын жинау және қағаз бетіне түсіру 1938 жылдан басталды. Халық ақындарын іздеу және табу үшін Ақтөбе облысына арнайы тапсырмамен қазақ поэзиясының көрнекті ақсақалдарының бірі болған Дихан Әбішев келіп, Нұрпейіс Байғанинмен кездеседі. Нұрпейіс Жамбылдың мерейтойына Алматыға шақырылады. Нұрпейістің осы сапары туралы қазақтың белгілі ақыны Әбділда Тәжібаевтың естелік кітабында өте қызық тартымды етіп жазылған. Алматыда Нұрпейіс көптеген ақындармен, жыршы-жыраулармен кездеседі. Мұнда ол өзінің суырыпсалма ақын екендігін көрсетеді. Бұрын ол тек өз облысында белгілі болса, енді оның аты бүкіл республикаға кең таралады. Оның шығармашылығына үлкен көңіл бөлінеді, оның өзінің жеке басына қамқорлық жасалды. Жазушылар одағы ақынға Ахмет Ескендіров пен Мәселе Жаңабаевтарды әдеби хатшылыққа бекітеді.

Олардың жазып алулары нәтижесінде Нұрпейіс ақынның көптеген ең тамаша туындылары бізге дейін жетті. Бір уақыттарда Қуандық Шаңғытбаев та Нұрпейіске әдеби хатшы болды. Нұрпейіс 1939 жылы Қазақстан жазушыларының екінші съезіне делегат болып қатысады. Аса ерекше дарынды ақынның бірі болып республика Жазушылар одағына мүшелікке қабылданады. Ақындардың республикалық слетіне қатысады. Ақынға 1939 жылы «Қазақ

ССР-інің өнеріне еңбегі сіңген қайраткері» атағы берілді. Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталады. Осы жылы Н. Байғанин Ақтөбе облыстық Кеңесінің бірінші шақырылымының депутаты болып сайланады және оның бірінші сессиясын өзінің өлең-жырымен ашады. Нұрпейіс 1939 жылдың 16 тамызында Москваға барады. СССР халық шаруашылығы жетістігі көрмесін көреді. Осы оқиғаға ақын «Өңімдегі жұмақ» өлеңін арнайды. Осы өлеңі орыс тіліне аударылып, бүкілодақтық радио арқылы беріліп, бүкіл Совет Одағына тарайды. Бұл Нұрпейісті бүкіл Совет халқына бірінші таныстыру болатын. Ақтөбеде 1940 жылы Нұрпейістің 80 жылдығына арналған үлкен мереке өткізілді. Осы жылы ақын «Құрмет белгісі» орденімен марапатталады. Осы қуанышты сәтке арнап ақын «Қуаныш жыры» өлеңін шығарады. Ол орыс тіліне аударылып, «Известия» газетінде жарияланады.

Нұрпейіс Байғанин көп қырлы талант. Ол бір жағынан суырыпсалма ақын, екінші жағынан жырау-орындаушы, оның шығармаларында батырлық эпостар көп орын алады. Оның өте бай репертуарында «Қобыланды», «Құбығұл», «Төрехан», «Қырымның қырық батыры» т.б. көптеген эпос жырлар бар. Қазір «Қобыланды батыр» жырының бізге 29 вариантты бары белгілі. Ал, солардың ішіндегі оқиғалары өте бай, әрі ең көркем, әрі баяндауы жағынан өте нақты, көлемдісі 9300 жолдан тұратын Нұрпейіс жырау жырлайтын варианты. Ақын оны түгел жатқа айтатын болған. «Қобыланды батыр» жырын 1940 жылы латын қарпімен А.Ескендіров жазып алған. Жырды бастар алдында Нұрпейіс әдетте «Мен батырлар жырын 17 жастан бастап айта бастадым. «Қобыланды батыр» жырын мен Мақсұттан алдым. Бұл жыр бірнеше ұрпақтан ұрпаққа, ауыздан ауызға беріліп келеді. Мақсұт ақынның әкесі Ділғамағбет, Ділғамағбеттің әкесі Бітеген, Бітегеннің әкесі — Терлікбай, Терлікбайдың әкесі — Бақы, Бақының әкесі — Жаскелең, Жаскелеңнің әкесі — Бақберген — олардың бәрі шебер жыршы-орындаушылар болған. Мен жыр мазмұнын солардан алдым», - деп айтуды екен.

Міне, осыдан қазақтардың ауыз әдебиетіндегі, өнердегі ұрпақтар сабақтастығы айқын көрінеді. Нұрпейіс «Қобыланды батыр» жырын ерекше шабытпен жырлаған. Оның орындалған нұсқасында Ақтөбе облысының жерлері мен өзендерінің атаулары көп кездеседі. Қобда ауданының Жиренқопа ауылында 2007 жылдың қыркүйегінде Қобыланды батырға мемориалды әдемі кесене мен музей салынды. Мен 2006 жылы 25 тамыз күні Қобыланды батырдың ғылыми зерттелген сүйегін Жиренқопаға жерлеуге апардым.

Нұрпейістің эпикалық шығармаларында үлкен орынды тек батырлар ғана емес, аттары аңызға айналған әйелдер бейнелері де лайықты көрсетілген. Олар туралы ақынның «Ақкенже» және «Нарғыз» поэмаларында жырланған. Ерлік мотивтері Нұрпейістің шығармаларында кейін де жалғасын тауып, оның Ұлы Отан соғысы жылдарында шығарылған «Капитан Гастелло» өлеңінде,

«Жиырма бес», «Ер туралы жыр» атты Кеңес Одағының батыры Төлеген Тоқтаров және 28 панфиловшылардың бірі Нарсұтбай Есболатовтың ерліктері баяндалған шығармаларына арқау болады. Ақын-жырау Нұрпейіс өзінің көркем және жалынды сөзі — жырымен жігерлендіріп ақтөбелік жерлестерін және бүкіл қазақстандықтарды — Ұлы жеңіс күнін жақындатуға лайықты үлес қосуға шақырды. Ақын 1941 жылдың 19 мамырында Ақтөбеде құрылған 101 ұлттық атқыштар бригадасы жауынгерлері алдында жыр айтып, оларды Отан қорғауға үндеді. Бригаданың дайындығын тексеруге маршал К.Е.Ворошилов келген болатын. Нұрпейістің «Қазақстан майданға» өлеңі бойынша деректі киночерк түсіріліп, ол СССР киноэкрандарында бүкіл совет халқына көрсетілді.

Нұрпейіс ақын ұзақ жасады, көп көрді, көп үйренді, көп жырлады. Ол Абайға, Жамбылға, Шығанақ Берсиевке, Амангелді Имановқа арнап өлеңдер шығарды. Халық ақыны Нұрпейіс өзінен кейін өте бай әдеби мұра 15 поэма, бірнеше айтыс, көптеген өлеңдер мен толғаулар қалдырды. Бірақ, оның әдеби мұрасы бізге толық жетпеді. Әйтсе де, оның бізге жеткен мұрасының өзі де көлемді, мол. 1938-40 жылдары ақыннан жазып алған 9300 жолдық «Қобыланды батыр», 5000 жолдық «Құбығұл», 5000 жолдық «Төрехан» т.б. әдеби шығармалар Нұрпейістің эпика-ақын, батырлар жырын жырлаушы, жыраулар мектебінің ең ірі өкілі екендігін көрсетеді.

Нұрпейістің 1917 жылғы революция дейінгі шығармаларын ғалым Оразгүл Нұрмағамбетова жинады. Ол ақынның әдеби мұрасын жинау мен зерттеуге көп еңбек етті. 1949 жылы оған ақынның кейбір өлеңдерін Ұлы Ғалым, қызы Зылия, туысы және жақын досы, көп жыл бойы жолдасы болған Қожаш Елешов, жақын туысы Асыл Орынбаева, келіні Әнепия Құлыншақова жаздырыпты.

Нұрпейіс Байғаниннің шығармашылығы әсіресе 1938-1945 жылдары өте жемісті болды. Бұл жылдары ақын елдің аса көрнекті оқиғаларына арнап көптеген өлеңдер мен поэмалар шығарды. Нұрпейістің ақындық және эпикалық шығармашылығын жазушы-академик Сәбит Мұқанов өте жоғары бағалады. Атақты ақынның мұрасына арнап Дихан Әбішев, Қуандық Шаңғытбаев, Әбділда Тәжібаев, Берқайыр Аманшин, Тобық Жармағамбетов т.б. зерттеу мақалалар мен естеліктер жазды. А.Б.Никольская ең бірінші болып ақынның өлеңдерін орыс тіліне аударып, 1946 жылы «Избранные произведения» жинағын 10 мың дана етіп орыс тілінде шығарды. 2008 жылы ақынның шығармалар жинағын сыйлық нұсқамен немересі Ерболат Момынұлы Байғанин шығарды.

Нұрпейіс Байғанин аты және мәдени мұрасы ел есінде. 1990 жылы Ақтөбе облысында ақынның 130 жылдығы кең көлемде аталып өтті. Республикалық ақындар айтысы, термешілер сайысы, ғылыми конференция, көрме, Н.Байғанин күндері, Ақтөбе, Байғанин және Темір аудандарында салтанатты шаралар өткізілді. Бұрынғы Табын ауданы 1940 жылы Байғанин ауданы болып өзгертілді. 1962 жылы аты облыстық

балалар кітапханасына аты берілді. Байғанин ауданында Байғанин атындағы ірі совхоз ұйымдастырылды. Қарауыл-келдіде 1976 жылы ақынның ескерткіші ашылды. Н.Байғанинге Ақтөбеде — 1999 жылы Шұбарқұдықта, 1995 жылы Ақсайда ескерткіштер қойылды. Ақсайда ақын атында мектеп бар. Ақсай - Темір ауданындағы ауылдық округтың орталығы оған Нұрпейіс туған «Сүлікті» жері кіреді.

Облыстық тарихи-өлкетану музейінде ақынға арналған бөлім бар. Халық суретшісі Әбілхан Қастеев Нұрпейіске Михаил Калининнің «Құрмет белгісі» орденін тапсырып тұрған портретін салған. Ақынның портретін ақтөбелік суретшілер Сағынтай Өлімбетов, Тайман Төлеуішев салды. Халық артисі Ғарифолла Құрманғалиев Нұрпейістің «Еңбек туралы жыр» термесін орындап, ақынның шығармасының даңқын арттырды. Ақтөбеде, қалалар мен аудандарда ақын атындағы көшелер бар. Қарауыл-келдідегі Байғанин лицейі ауыл шаруашылығы мамандар дайындайды.

2009 жылы «Нұрлы жүзді — Нұрпейіс» деген кітап жазған, тарихшы, ғалым-өлкетанушы тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Беркін Құрманбековтің зерттеуі бойынша ақынның тегі мен шежіресі — жеті атасы Шүрен, Жаман, Құлбаба, Андақұл, Сүйіндік, Байбақты, Байғана, Нұрпейіс болып келеді екен.

Нұрпейістің үлкен ұлы Ғалым заңгер болған. Оның үш ұлы және екі қызы болды. Нұрпейістің тағы бір ұлы Момын педагог-музыкант, Ахмет Жұбанов атындағы Ақтөбе музыка колледжінде мұғалім, Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік педагогика институтында профессор болып қызмет етті.

Момын Нұрпейісұлы атақты күйші-домбырашы, Республиканың мәдениетіне еңбегі сіңген қызметкер. Оның төрт ұлы, бір қызы бар.

Нұрпейіс 1944 жылы қыркүйекте қатты ауырып, Ақтөбеге жақын Табантал деген жерде тұрған. Оның соңғы «Мен өлмеймін, өлмеймін», «Жез бұйдалы мен құба нар» өлеңдері Жеңіс күнін көрсем, жетсем деген арманға толы болды. Ұлы ақынның үлкен жүрегі соғуын 9 сәуір 1945 жылы тоқтатты. Ақын қайтыс болған соң үкімет оның жұбайы Аймекенге 400 сом, баласы Момынға ер жеткенше 300 сом көмек зейнетақы тағайындады. Ұлы ақын Нұрпейіс Байғаниннің аты қазақ әдебиетінде, тарихта қалды. Оның тамаша шығармалары қазақ поэзиясының алтын қорынан орын алды.

Ақын мерейтойына арналып Ақтөбеде, Темір, Байғанин аудандарында Нұрпейіс оқулары, жыршылар, термешілер байқаулары, ақындар айтысы, мәдени-әдеби танымдық іс-шаралар жоспарланып өткізілуде. Тахауи Ахтанов атындағы облыстық драма театры «Нарғыз» поэмасы бойынша спектакль қойды. 165 жасқа толған Нұрпейіс жұлдызы қазақ әдебиеті аспанында жаңаша жарқырады.

Еркін ҚҰРМАНБЕК,
ҚР Мәдениет қайраткері, Ақтөбе қаласы.
Ақын Нұрпейістің ұлы Момын — Қазақстанға еңбек сіңірген мәдениет қайраткері және көліні Манар Еркін Құрманбек — Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері
01 қазан 2012 жыл